

**«Аспаптану (үрмелі және ұрмалы, ішекті аспаптар)» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «02150100 - Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)» мамандығы 4S02150102 - Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы» біліктілігіне арналған «Аспаптану (үрмелі және ұрмалы, ішекті аспаптар)» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Оркестр Музыка аспаптары Жалпы мәлімет	01	«Оркестр» сөзінің анықтамасы. Оркестрдің шығу тарихы. Музыка аспаптары тарихы
02	Оркестр құрамы мен түрлері	02	Симфониялық оркестр, ішекті оркестр, камералық оркестр, үрмелі оркестр
		03	Партитура. Партитурадағы белгілер. Партитура түрлері. Ішекті аспаптар оркестрінің партитурасы. Үрмелі аспаптар оркестрінің партитурасы
03	Симфониялық оркестрдің аспаптары мен аспаптық топтар	04	Ішекті ыспалы аспаптар: скрипка, альт, виолончель, контрабас. Ағаш үрмелі аспаптар: флейта, гобой, кларнет, фагот, саксофон. Жез үрмелі аспаптар: валторна, труба, тромбон, туба. Ұрмалы-соқпалы аспаптар (белгілі бір дыбыс биіктігі бар және белгілі бір дыбыс биіктігі жоқ аспаптар)
		05	Ыспалы аспаптар, үрмелі ағаш аспаптар, үрмелі мыс аспаптар. Тілшелі музыка аспаптары. Ішекті-шертпелі аспаптар
04	Аспаптардың техникалық, тембрлік және динамикалық ерекшелігі	06	Аспап тембрі. Дыбыс шығару ерекшелігі. Аспаптың техникалық ерекшелігі. Штрихтар
		07	Дыбыс сапасы. Аспаптың динамикалық мүмкіндігі. Аспаптың ауқымы. Үрмелі ағаш аспаптардың ансамбльдік қасиеттері. Мыс үрмелі аспаптардың ансамбльдік қасиеттері. Ыспалы аспаптардың ансамбльдік қасиеттері
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оркестр. Музыка аспаптары. Жалпы ақпарат. Оркестр сөзінің мағынасы. Оркестрдің пайда болу тарихы. Музыка мәдениетінің дамуына оркестрдің ықпалы. Аспаптардың пайда болу тарихы мен даму кезеңдері. Белгілі аспап жасаушы шеберлер.

Оркестр түрлері мен құрамы туралы. Симфония, камера және ішекті аспаптар оркестрінің құрамы. Оркестр құрамындағы негізаспаптар жөнінде. Партитура түрлері. Аспаптардың түрлі тілдегі атауы.

Симфония оркестрінің аспаптары. Музыка аспаптарының топтық атауы. Ішекті аспаптардың ортақ белгілері. Үрмелі және ұрмалы аспаптардың ортақ белгілері. Ішекті ыспалы, ішекті шертпелі аспаптардың ерекшелігі. Тілшелі және лабиалды үрмелі ағаш аспаптардың ерекшелігі. Үрмелі мыс аспаптардың ерекшелігі.

Аспаптардың техникалық, тембрлік және динамикалық ерекшеліктері: Жекелеген аспаптардың дыбыстық тембрлік ерекшелігі. Аспаптардың техникалық мүмкіндігі. Аспаптың үн шығару принципі. Оркестр құрамындағы аспаптардың функциялық міндеттері. Кейбір аспаптардың динамикалық мүмкіндіктері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1-1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Блюм Д. Краткий курс инструментоведения.- Москва: Музгиз, 1947.
2. Кожухарь В.И. Инструментоведение, симфонический и духовой оркестры. – Санкт Петербург: Планета музыки, 2009.
3. Зряковский Н.Н.Общий курс инструментоведения. – Москва: Музыка, 1976.
4. Диков Б.А. Методика обучения игре на духовых инструментах . - Москва : Музгиз, 1962.
5. Григорьев В.Ю. «Методика обучения игре на скрипке» : - Москва Классика-XXI, 2006.
6. Гизатов Б. Казахский оркестр народных инструментов имени Курмангазы. Алматы; Ғылым, 1994.